

АЛПЫС АЛТЫ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ...

Тарих бетінде айшықты іздер қалдырған жиырмасыншы ғасырдың адам баласына әкелген жақсылығы да, пәндесінің басына түсірген тауқыметі де аз болмағанын өткен күндер бәтгерін парақтаған жанның пайымдары анық. Солардың бәрінен мойымай өтіп, өз ұрпағының нұрлы болашағы мен елінің гүлденуі жолында небір қиындықты жеңе білген аға буын алдында бүгінде ұрпағы тағзым етіп, олардың есімдерін еске алып жатса, ол ұрпақ сабақтастығының үзілмегендігін көрсетсе керек. Ардақты ардагерлеріміздің бірі, соңында өнегелі ұрпағы өсіп келе жатқан Жұматай Құтжанұлының жүріп өткен жолы мен шиырлаған соқпақтары, оның шыққан биігі мен атқарған еңбегін жас буын орынды мақтан етеді. Ой-зәрдесі терең, көргені көп көшелі қариялардың бірі, халқы қадір тұтатын Жүмекеңді қай жағынан алып қарасңызда ауқымды әңгімеге өзек боларлықтай кейіпкер.

«Қартың болса ауылыңда, жазып қойған хатпен тең» дегендей, тарих шежіресін тереңнен қозғайтын шешендігі, оқ пен оттың ортасында шыңдалған майдангерлік өнегесі де талай сырға қанықтырып, әңгімелескен жанды ерекше көңіл хошына бөлері анық.

Жақында Ұлы Жеңістің 66 жылдығы қарсаңында Жүмекең ақсақалдыналпыс алты жылдан бері хабарсыз кеткен майдандас досы табылыпты деген жақсы хабарды естідік. Біз келгенде төсегінде демалып жатқан ардагер аға бізді көріп басын көтеріп, жылы шыраймен амандық сұрасты. Кім болатынымызды, не шаруамен жүргенімізді тәптіштеп сұрап алды да бірден қуанышты хабарын бастай жөнелді.

– Ұлы Отан соғысының отты жылдары Кеңес одағын мекендеген халықтар үшін аса ауыр кезең болғаны тарихтан белгілі ғой. Бұл нәубет қазақ халқының сан мыңдаған боздақтарын оқ пен оттың ортасына айдап, көбісі майдан даласынан



оралмады. Иә, бұл қасіретті соғыс кімдерге жара салмады. Кімнің ошағын ойрандап, кімдерді жылатпады. Мен де отандастарыммен бірге әскери комиссариаттың жолдамасымен 1943 жылы Семейдегі әскери училищеге дайындық сапына жіберілдім. Соғысқа дайындық жүріп жатқан кезде жанымда Алматы облысы, Ұйғыр ауданынан Құрман Қожахметов деген азамат бірге болды. Менен кіші болса да сондай бауырмал болатын. Оның қайсарлығы, ержүректілігі жауынгерлік қимыл мен қабілетінен байқалып тұратын. Жастық жігері мол, адал пейілді азамат қашан көрсең де туған елі, жері туралы сағынышты жырларын жазып жүретін. Майдандас достарына арнап өзіп өлең шығарып тастайтын қабілеті зор еді. Содан 1944 жылы училищені Тамбов қаласына көшірген. Осы жерде лейтенант атағын алып, жүзден аса жауынгерді ел қорғауға майдан даласына жіберді. Әрқайсымызды дивизиялық полктерге бөліп тастады. Сол кезде қасымдағы адал досым Құрманнан бөлініп кеткенім жанымға қатты батқан еді. – деп мұңайды майдангер қарт.

Жүмекең майдан даласында жүргенде де досының жазған өлеңдерін, жырларын оқып бір жасап қалатынын айтып, сол сарғайған па-

рақта жазылған өлең жолдарын бізге ұсынған еді. Оның жазған әр хаты өлеңмен басталған екен. Поэтикалық қуаты ересен бұл өлең жолдарынан өмір мен өлім белдесіп жатқан ортада жүрген азаматтың елге, жерге деген ғажайып сағынышы, өршіл, жігерлі жанның жүрек сыры мен сезімі асқан шеберлікпен өрнектелген екен. Оны да ақсақал қолымызға беріп, «реті келсе пайдаланарсыздар» деген еді.

Жүмекең құрамында болған 175-ші атқыштар дивизиясы Висла өзенінің маңында аянбай шайқасып, Варшава, Вдгаш қалаларын азат етуге қатысып, Одер өзенінің жағалауында болған кескілескен ұрыста Жүмекең ауыр жараланып, госпитальға жіберіледі. Алланың жазуы шығар, осы госпитальда жатқанда досы Құрманмен кездесудің сәті түседі. Ол да аяғынан ауыр жараланған екен. Бір-бірімен құшақ жая көріскен жандардың ұзамай-ақ тағы да екі бөлінуіне тура келеді. Өзі қауіп-қатердің ортасында жүрсе де Жүмекең Құрман досын ойлаумен болады. Көптен хабарласпаған оның не өлі-тірісінен хабарсыз қалады. Жеңіс күнін Польша жерінде қарсы алған Жұматай Құтжанов туған еліне оралғанда да досының өлеңдерін, жырларын оқып, көзінің жасын сығып алатын. Іздеп табамын деген ойы болған еді. Іздеді де, бірақ сол іздеуден еш нәтиже шықпады. Ауылға келген Жүмекең соғыстан тұралап қалған ауылды өркендетуге кіріскен уақытта сол досы есінен кетпей, «ең құрыса бала-шағасын тапсам» деген арманы да бар еді. Күні-түні ойынан бір шықпайтын досының адал пейілі мен жарқын жүзі «мен тірімін, бармын» дегендей түсінен де шықпайтын. Содан ажырап қалған досымды іздеп көрсем қайтеді деген ой жүрегіне от үрлегендей әсер береді. Майдангер аға сол майдандас досын іздеп Алматыға тағы да хат жолдайды. Біраз жылдардың жүзі болса да еш хабар ала алмайды. Кеңілі жабырқаған қария іштей қатты ойлап, сағынатын. 66 жылдан бері хабарсыз кеткен досынан жауап хат алғанда ақсақал орнынан бір

тұрып бір отырған. Көзіне қуаныштан іркілген жасын жасыра алмай, кемсеңдеп отырып қалған.

Жүрегі өрекіпген Жүмекең майдандас досы Құрманштың телефон арқылы дауысын естіп, Аллаға мың мәрте шүкіршілік айтып қуанышын жасыра алмады. Сол көңіл сергітер қуаныштың табы да біз барғанда ақсақал жүзінен әлі арылмағандай әсер алдық. 66 жыл көрмеген майдандас досының хатын біздің алдымызға жас балаша қуанып әкеліпкөрсетіпжатыр. Қандай бақыт десейші! Досының сол хатын жарияласақ қайтеді деген ұсынысын да білдірген. Өмірінің көбі кетіп, азы қалған ержүрек ағаның осы қолқасын оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрген едік. Хаттың мазмұны мынадай еді.

Жұматай!

Екеуіміздің өткен жолымыз бір шежіре: Әскери оқуда, соғыста, еңбекте бір болдық. Жазса бір кіман-Белорусь, Украин жерлерін басып өттік, Польша, Германия шекарасына жеттік. Сен қолыңнан мен аяғымнан жараландық. Харьковте госпитальда тағы кайта табыстық. Сен Жезказған, Шет -Аксу-Аюлыдан. Мен Алатау, Хан тәңірі-Албан жотасынан. Кара! Кандай Жолдар! Елге келдік, үйлендік. Перзенттер көрдік, сүйдік.


Кара! Кандай Жолдар! Еңбек еттік!

Жеріміздің, еліміздің аман-есен болуы үшін, экономикасы өсіп, мәдениеті гүлденуі үшін еңбек еттік! Бұл үлкен Жолда елмен ел болдық! Бір болдық!

Айтса айтқандай, десе дегендей-ақ, емес пе! Мына кітаптағы фотолар сыр шертеді, кара! Екеуіміздің өткен Жолдарымыз екі кітап шығар.

Ардагер бауырым! Майдангер досым!

Алматы қаласы.
5.02.2011 Жыл.



Майдангер досы
Құрман Қожахметов

Жақында Жүмекеңнің немересі Бекжан Алматыға жол түсіп, атасының майдандас досы Құрман ақсақалмен жүздесіп қайтқан екен. Досының немересін көрген Құрман ақсақал қуаныштан төбесі көкке бір елі жетпей қалғанын, Жүмекеңнің өзін көргендей болғанын айтып хабарласқан. Немересінен өзінің кітаптарын, фотосуреттерін беріп, қонақжайлылықпен шығарып салған екен. Қанша жылдар өтсе де осы кездесу Жүмекең ақсақал үшін жаңа өмір есігін ашқандай әсерге бөленген. Жанында болған аз ғана уақыттың ішінде ағаның, осы қуанышын біз де бөлісіп, ортақтас екенімізді білдірдік.

Аяқталғанына 66 жыл болса да Ұлы Отан соғысының салған жарасы әлі есінен кетер емес. Зұлмат соғыс өрті қаншама шаңырақты боздағынан айырды десейші. Сол күнді тоқсаннан асқан қарт жауынгер әлі ұмытқан жоқ, ұмытпайды да.

Бұл күнде баласы Серіктің Колындатұрып жатыр. Немере, шөбере ортасында шаттыққа бөленіп отырған ақсақалдың қуанышы да еселене түскен. Өйткені майдандас досымен қауышқан осы бір күнге алғысы шексіз. Қарт жауынгер Алладан алдымен Отанының тыныштығын тілейді. Еліміз, халқымыз аман болса одан артық бақыт жоқ дейді ол үлкен тебіреніспен.

С.ЖОСАЛБАЙ.